

**«КЕЛІСІЛГЕН»**  
**Кәсіподақ ұйымының**  
**төрағасы \_\_\_\_\_**  
**Е.Байбосынов**  
**« 03 » 09 2019 ж**

**«БЕКІТЕМІН»**  
**«Джи Ай» Холдингінің**  
**президенті \_\_\_\_\_**  
**С.Ш. Шалхаров**  
**« 03» 09 2019 ж**

## **«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі туралы**

### **ЕРЕЖЕ**

Ереже тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы бұйрығы негізінде әзірленген.

#### **1. Жалпы ереже**

- 1.1. «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі мемлекеттік тілде мекеменің аталуы жазылған өзінің мөрі, штампы, есеп-шоты, құрылтайшылармен бекітілген Жарғысы бар заңды мекеме;
- 1.2. «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі ҚР ОҚО білім және ғылым департаментімен берілген мемлекеттік лицензиясына сай техникалық және кәсіптік білім беру жұмысын жүргізетін оқу орны;
- 1.3. 2019 – 2020 оқу жылы «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі “ГІ” білім беру және сауықтыру холдингінің құрамына еніп, өзінің алдына ХХІ ғасыр мамандарын даярлауды міндет етті. Осы міндетті іске асыру үшін колледж өз жұмысын жеті негізгі бағытқа сүйене отырып жүргізуде;
- 1.4. Кредиттік - модульдік оқыту технологиясы. Кәзіргі заман ағымының тез өзгеруіне сай, болашақ медицина мамандарын өзіндік ізденіс жұмысын атқаруға және өзгеріп жатқан заман талабына бейімдеу үшін колледжде 2019-2020 оқу жылынан бастап барлық мамандықтар бойынша кредиттік-модульдік оқыту технологиясы қолдану.
- 1.5. Ақпараттық магистраль. Кәзіргі таңда баспа материалдарымен білім беру жеткіліксіз болуына байланысты, колледжде ақпараттық магистраль енгізілген. Әрбір білім алушы үшін бір семестрде өтілетін пәндер бойынша электронды дисктер дайындалған. Сонымен қатар, білім алушыларға бір орында отырып заманға сай бірнеше ақпараттық технологияларды пайдалануға мүмкіндік жасау;
- 1.6. Клиникаға дейінгі тәжіребелік дағды. Этикалық талаптарға сай болашақ орта буынды медицина мамандарын дайындауда пациенттерді тәжірибе үшін пайдалану дұрыс емес. Сондықтан колледждің «Виртуальді клиникасында» симуляциялық манекендермен, «стандартталған пациенттермен» дағдалануды жүргізу;
- 1.7. Клиникалық база. Колледждің өзінің клиникасы «Санитас» емдеу сауықтыру орталығы, «Виртуальді клиника» және «Жан дауа» медициналық остеопатиялық орталығында емдеу- реабилитациялық жұмыстарды жүргізу арқылы колледж оқытушы - дәрігерлерінің кәсіптік тәжірибесін арттыру, ал білім алушылардың кез келген уақытта тәжірибелік манипуляцияларды толық орындай алуына мүмкіндік жасау;
- 1.8. Көпсалалы мамандық. Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі көп алаңдатқандықтан, республикада алғашқы болып, Шығыс медицинасының тәсілдері, физиотерапия, медициналық реабилитациядағы массаж пәндері бойынша «Жан дауа» медициналық остеопатиялық орталығында қосымша дәріс пен тәжірибе сабақтарын,

- сонымен қатар, емдеу - реабилитациялық жұмыстарын жүргізу арқылы мемлекеттік үлгідегі дипломмен бірге күәлік беру;
- 1.9. Бейімділікке дайындау курсы. Фельдшер, акушер, мейіргер мамандары өзінің жұмысында әр түрлі категориялы адамдармен кездесетіндіктен олармен тіл табысу үшін арнайы психологиялық курс жүргізу;
- 1.10 Ар-намыс кодексі. Еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарайтын азаматтарды тәрбиелеуді білім беруімен қатар қою мақсатында колледжде әр білім алушы орындауға міндет алған Ар-намыс кодексі қабылдау.
- 1.11 «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің өзінің филиалы, емдеу-сауықтыру, емдеу-диагностикалық орталықтары, оқу-кеңес беру пункті, бөлімдері, дайындық курстары, кафедра, оқу-лабораториялық кабинеттері, біліктілік жетілдіру бөлімі, шаруашылық бөлімшелері және т.б. структуралық бөлімдері болады;
- 1.12.Структуралық бөлімдерінің болуы колледж ішінде құрылтайшыға ескерту және колледж Жарғысына өзгерту негізу арқылы іске асырылады.

## **2. «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі оқуға қабылдау**

- 2.1 «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы негізінде оқуға мектепте жалпы негізгі білім және жалпы орта білім алған оқушыларды 0301000 – «Емдеу ісі» және 0302000 – «Мейіргерлік іс» мамандықтары бойынша қабылдайды.